

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.Былхиева



«Оқуға құштар мектеп»

жобасының іс-шара

жоспары

2021- 2022 оқу жылы

Президенттің Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп»
жобасы аясында кітапханада өткізілетін іс-шара жоспары



Белсенді халықаралық тәртіптердің нәтижелері біздің оқушыларымыздың оқу сауаттылығы мен дағдылары тиісті деңгейде дамымағанын көрсетеді. Сондықтан жоғары оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту Қазақстандық мектептердегі білім беру үдерісінің басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Оқуға деген қызығушылық кітап арқылы көршігін әлемді тану, балалар да мектеп қабырғасынан қалыптасуы керек. Кітапхана осы қызығушылықтың орталығы, кітаптар қызықты әлемге жетелейтін орын болу керек.

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев

Жобаның мақсаты:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру жас ұрпақтың бойында азаматтық рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, оқушылар педагогтар және ата – аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.



№	Іс-шаралары	Түрі	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп оқушыларына жағдай жасау. Оқушылардың білімдерін жасау.	Көрме	20.01.2021ж	Кітапханашылар
2	Оқушылардың кітап оқуға құмарлығын ояту. Күн сайын 20 минут кітап оқу.	Оқу	Үнемі	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
3	Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік бағиен қосынды» мақаласы бойынша библиографиялық сабақ.	Библиографиялық сабақ	27.01.2021ж	Кітапханашылар
4	«Жаңа кітаптар әлемінде» ұсыныстық тізім	Ұсыныс	30.01.2021ж	Кітапханашылар
5	«Назарбаев Зияткерлік мектебі» әдіс алмасу	Әдіс алмасу	үнемі	Кітапханашылар
6	Экожарналының арқылы «Жас ұрпақтың өз мәдениетін қалыптастырудың маңызы» атты онлайн сабақ өткізіліп.	Онлайн сабақ	05.01.2021ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
7	М. Мыңбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Пізнәк тауып, асылық асып» М. Мыңбаев	Видеоролик	09.12.2021ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер


	өлеңдерінен челендж			
8	«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында таңдап алынған Рахымжан Отарбаевтың «Айна ғұмыр» кітабына библиографиялық шолу	Биб. шолу	15.02.2021ж	Кітапханашылар
9	Жол картасы бойынша кітапхананы көркем әдебиеттермен толықтырып отыру	Толықтыру	Жыл бойына	Кітапханашылар
10	«Тарихтағы өшпес із» этнограф, ғалым Ш. Уәлихановтың 185 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығын таныстырылып, виртуалды көрме жасау	Көрме	22.02.2021ж	Кітапханашылар
11	Онлайн арқылы электронды кітап оқуға шақыру	Оқу	Үнемі	Кітапханашылар
12	Тәуелсіздік құндылықтары: «Өткенге тағзым болашаққа аманат»	шолу	29.02.2021ж	Кітапханашылар
13	«Менің сүйікті акын-жазушым» өзі қалаған автордың шығармасынан үзінді оқу және «Ой салған кітап» атты оқыған кітабы бойынша оқиға желісіне талдау жасау	Талдау	04.03.2021ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер

	Online- сұхбат			
14	«XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры» тақырыбында «Кітаппен серуен» атты квест ойыны	Ойын	10.03.2021ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
15	«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ақын М.Мақатаевтың «Өмірдастан» кітабы бойынша онлайн шолу	Шолу	16.03.2021ж	Кітапханашылар
16	«Балалар әдебиеті әлемінде» атты виртуалды кітапханалық сабақ	Кіт. Сабақ	25.03.2021ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
17	2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Біз кітап алмасамыз» акциясы	Акция	02.04.2021ж	Кітапханашылар
18	«Кітап – жан азығың» атты виртуалды кітап көрмесі	Көрме	12.04.2021ж	Кітапханашылар
19	Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жыр алыбы – Жамбыл Жабаев» атты көрме жасау	Көрме	16.04.2021ж	Кітапханашылар
20	Ата-ана арқылы баланы әдеби кітап оқуға шақыру	Дөңгелек үстел		
21	Буккроссинг әдісін қолданып, кітап оқуды жандандыру. «Досыңа кітап сыйла»	Жандандыру Үгіт насихат	21.04.2021ж	Кітапханашылар

1	«Ұлт ұстазы» А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына Ахмет оқулары, мінерлеп оқу сайысы	Сайыс	05.02.2022ж	Кітапханашылар
2	«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап» акциясы аясында эссе жазу	Эссе	15.05.2022ж	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
3	«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап» акциясы аясында Иран-Гайым «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағын ұсыну	Ұсыныс	18.05.2022ж	Кітапханашылар
	«Кітап – жан азығын» атты виртуалды кітап көрмесі	Көрме	21.05.2022ж	Кітапханашылар
4	Төлеген Айбергеновтың туғанына 85 жыл толуына орай «Бір тойым бар...» атты мінерлеп оқу сайысы	сайыс	03.04.2022ж	Кітапханашылар

Кітапхана меңгерушісі:

Кітапханашы :



Г. Тұрысбекова

С. Аманбаева

№25 С.Сейфуллин атындағы
білім беретін жалпы орта
мектебінің кітапхана
меңгерушісі Г.Тұрысбекова
кітапханашы С.Аманбаеваның
2021 – 2022 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстардың
қорытынды есебі

2021-2022 оқу жылы

2021 – 2022 оқу жылындағы бір жылдық есеп

Тамыз, қыркүйек айында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету үшін сынып жетекшілерімен бірге тарату кестесін жасап ата-аналарға хабарладық. Бірінші 1-11 сыныптар 99 пайыз оқулықпен қамтылды, жаңа оқулықтардың кеш келуіне байланысты кітаптар 29.08.2021 ж күнге дейін таратылып бітті. Әр сынып оқушыларынан кітапхана белсенділерін сайлап алдық. Олар апта сайын сыныптастарын тексеріп бізге олардың тазалығы туралы есебін беріп отырады.

Биылғы оқу жылында 1 сыныпқа жаңа буын оқулықтар келіп түсті, сонымен бірге 5,6, сынып оқушыларының артуына байланысты, оларға сұраныс жасап жаңа кітаптар алдық. 7 сыныптарға кітап жетіспеуіне байланысты, басқа мектептерден кітап алып, 99 пайыз қамтамасыз етілді.

Биылғы жылы алғашқы қоңырау «Білім күні» мерекесіне орай 1 сынып оқушыларына арналған іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада оқушыларға алғашқы кітаптары «Әліппе» ні салтанатты түрде тапсырылды.

Жоспарға байланысты, албомдар, буклеттер, және бейнематериалдар жасау мақсатында, тұрмыс салт жырларын бейнеролик жасап 3-4 сыныптарға жарнамаладық.

№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасының 2021 – 2022 оқу жылындағы оқулықтармен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет.

Мәлімет

№	Сыныптары	Бала саны	Бер.Оқулық саны	Қалған оқулық	Қамтылуы %
1	МАД	69	-----		-----
	1сынып	79	79	18	100%
2	2сынып	70	70	12	100%
3	3 сынып	70	70	12	100%
4	4 сынып	88	88		100%
5	5 сынып	94	94		100%
6	6 сынып	84	84		100%
7	7 сынып	83	81		98%
8	8 сынып	75	75		100%
9	9 сынып	64	64		100%

10	10 КҒБ	24	24	100%
11	10 ЖМБ	25	25	100%
13	11 КҒБ	25	25	100%
14	11 ЖМБ	26	26	100%
15	Жалпы	874		99%



Қазан айында кітапханада оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып отыру біздің міндетіміз болып табылады. Сондықтан әр кез оқушыларды кітапханаға баулып, тартып отырамыз.

1қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарымыз аман болсын» Қарты бар үйдің қазынасы бар. М. Мақатаевтың «Азайып бара жатыр» атты өлеңін оқып, мерекелерімен құттықтап, видеоролик жасап оқырмандарға ұсындық. Оқырмандардың сұранысы бойынша көмек көрсетіп, сынып жетекшілерге оқулықтардың бөлімі бітуіне байланысты, 2 бөлімді таратып бердік. Кітапханада «Ертегілер еліне саяхат», «Менің отаным қазақстан», «Тәуелсіз елдің тарихы», «Абай – дана, Абай – дара», «Анықтамалық басылымдар», «Өзін өзі тану белестері» атты көрмелер жасап, оқырмандарға ұсындық. Жана түскен оқулықтар мен көркем әдебиеттерін есепке алып, мөр басып оқырмандарға ұсындық.



Турысбекова Гульмира

Бүгін 1қазан — Халықаралық қарттар күні! Қарты бар үйдің — қазынасы бар. Бізге және өсіп келе жатқан ескелең ұрпаққа сіздердің өмір жолдарыңыз үлгі. Сіздерге ұзақ ғұмыр, зор д... Еңб



Турысбекова Гульмира

Бүгін 1қазан — Халықаралық қарттар күні! Қарты бар үйдің — қазынасы бар. Бізге және өсіп келе жатқан ескелең ұрпаққа сіздердің өмір жолдарыңыз үлгі. Сіздерге ұзақ ғұмыр, зор д... Еңб



Қараша айында «Каникулда кітап оқимыз» Оқуға құштар мектеп жобасы аясында, күзгі каникул уақытында бос уақыттарын тиімді пайдаланып, кітап оқу арқылы рухани бай болуға, ой өрістің кеңейуіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілеттерін жетілдіруге, үздік көшбасшы болу мақсатында

«BILIMSHINI. KZ» сайтына кіріп, марафонға катысу арқылы кітап оқуға оқушылар белсенділік танытты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай бастауыш сыныптар арасында 30 ертегі оқылды.



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Президентіміз ұсынған 30 кітапты оқу барысында «Біз оқитын 30 кітап» атты 5-11 сыныптар арасында кітап оқуды насихаттау, өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын жақсарту, көркем шығармаларды насихаттау, жас ұрпақтың бойында жоғары азаматтық және рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында READx жобасы іске асырылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 20 минут кітап оқу жобасы бойынша, мектебіміздің барлық қызметкерлері және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әдеби кітап оқуға ынтасын арттыру, оқушылардың сөздік қорын молайтып, байыту, кітап оқу арқылы алғыр ойлауға үйрету мақсатында «Оқу сағаты» ұйымдастырылды.



Желтоқсан айында 1 желтоқсан Президент күніне орай, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында, Елбасының ерекше қадір қасиетін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолдары туралы түсінік беру, ерен еңбегін мақтаныш сезіммен оқырман бойына сіңіру мақсатында «Менің Тұңғыш Президентім» атты 9 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар Елбасы туралы оқыған кітабынан үзінді айтып, Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірінен деректер айтылды.



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – бақыт жолында» атты онлайн челендж болды.

Мақсаты: Оқырмандарды отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, балалардың бойындағы азаматтық патриотизмді дамыту, әлеуметтік желілер арқылы Тәуелсіздіктің мәні туралы өз ойларымен бөлісу.

Қаңтар айында кітапханада 1-8 сыныптардың 1-ші бөлім кітаптарын, бірінші жарты жылдықтың бітуіне байланысты, 2-ші бөлім оқулықтарын сынып жетекшілері арқылы оқушыларға таратып бердік.

Мектебімізде Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша кітапхана бұрышын жасап, оқырмандарға қолайлы жағдай жасап, мектеп ветюбиліне кең көлемде көрме жасап, барша оқушыларды, ұстаздарды, кіші қызметкерлерді кітап оқуға баулыдық. Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу, отандық және шетелдік әдеби шығармалармен таныстыру мақсатында «Кел, балалар, оқылық!» кітапханашылар клубын аштық.

Клуб жұмысы «Оқуға құштар мектеп» іске асыру мақсатында құрылып бекітілген. Клубтың жалпы жұмысы 4-5 отырысқа негізделіп жасалады, көлемді іс-шаралар бір жылға құрылады.

Клубтың ұраны: «Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.»

«Кел, балалар, оқылық!» клубына жұмыс жоспары түзілді. Оқырмандарға арналған сауалнамалар жүргіздік.




«Кел, балалар, оқылылық!» атты кітап оқу эстафетасы ұйымдастырылып, оқырмандарды эстафетаға атсалысып кітап оқуға шақырдық. Эстафетаға қатысқан оқырмандардың оқыған кітаптарынан үзінді айтып, әлеуметтік желі арқылы жарияладық.



Ақпан айында кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Қазақтың ақын ақыны Мұқағали Мақатаев» атты көрме жасап мектептің вестюбиліне қойдық. Онда М.Мақатаевтың өмірбаяны мен өлеңдері, отбасы мен жолдастарымен түскен фото суреттері қойылды. Мұқағалидың поэзиясы адамның жансарайын жаңғыртып, ой санасын сәулелендіріп, болмыс бітімін жаңадан жасандырып, жарқырата түсетін рухани күшке айналып отыр. Мұқағалидың шын аты Мұхаммедқали – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақын. Көрмеге өмірбаяны, шығармалары мен өлеңдер жинағынан үзінділер қойылды. Сонымен қатар феисбук паракшасына М.Мақатаевқа арнап библиопост жасап жариялап отырдық.



Қазақстанның бірінші ханымы Сара Алпысқызы Назарбаева 12 ақпан туған күніне орай, оның өмір жолы, ұлағатты ұстанымдары арқылы жас ұрпақтың жүрегіндегі өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, сүйіспеншілік, махаббат, достық секілді ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында «Алтын жүректі Ана» атты 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті.




1 наурыз алғыс айту күніне орай мектеп вестюбилінде кең көлемде көрме жасадық. Видеоролик жасап барша оқырмандарға алғыс айтып, фейзбук паракшасынна салдық.



Турсыбекова Гульмира
с Сакеном Сейфуллин
Мектебі

1 мар · 🌐

1 Наурыз Алғыс айту күні!
Алғыс адамның адамға жасаған
жақсылығы, көмегі, көңілі үшін
ризашылық білдіруге, сондай —
ақ оның ойы мен іс — әрекетіне,
жасаған істеріне жоғары баға
беруі.... Еңге




«100 кітап» жобасы аясында Ұлттың ұлы ұстазы, Ағартушы – ұстаз, Тілші ғалым, Аудармашы, Ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай шығармашылығымен таныстыру, ақын туындыларын өскелең ұрпақтың жүрегіне дарыту және насихаттау мақсатында «Ұлттың ұлы ұстазы» атты көрме жасап, 5-10 сыныптар арасында А.Байтұрсынов оқулары мектепшілік сайыс болып өтті.



Сәуір айында «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш қырандары» атты көрме ақпарат ұсынылып, дөңгелек үстел болып өтті. Оқырман оқушыларға ғарыш жайлы айтылған мағлұматтардан сұрақтар қойылып, дұрыс жауаптар алынды. Мақсаты: оқушыларға қазақтың мәртебесін көкке көтеріп жүрген ғарышкер ағаларымыздың өмір тарихы туралы және ғарыш айлағы Байқоңыр туралы мәләметтер беру, оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылығын шыңдай түсу.




Білім бөлімінің жоспарына сәйкес «BookDating» жобасы аясында «Ұлы даланың мұрагерлері» атты пікіралмасу алаңы болып өтті. Мақсаты: кітап оқу арқылы өз болашағымызды жасап, оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қайта жаңғыртып дамыту, отандық әдебиетшілерді қолдау, өздігіненөздігінен білім алуға дәріптеу. Оқырман оқушыларға ғарыш жайлы айтылған мағлұматтардан сұрақтар қойылып, дұрыс жауаптар алынды.



Кітапханамызда Төлеген Айбергеновтың туғанына 85толуына орай «Бір тойым бар ... атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.Төлеген Айбергеновтың ақындық талантын жастардың жүрегіне уялату,туған еліне сүйіспеншілігін сезімін ояту,жырларды мәнерлеп оқу арқылы қазақ елінің ақындарының шығармашылығына қызығушылықтарын оятып ,кітаптарын оқуға баулу.Төлеген Айбергенов өзінің аз да тұшымды ғұмырында жыр әлеміне аз

ғана өлеңмен өмірлік туындыларын қалдырды. Аз өлең қалдырса да әрбір дүниесі інжу маржандай көркем өлеңің әр шумағынан сағыныштың сазы есетін Төлеген Айбергеновтың поэзиясына арналған «Бір тойым бар... атты сайыс өткізілді.



9мамыр –Ұлы Жеңіс күніне орай «Батырлар ерлігі ешқашан ұмытылмайды»атты көрме-инсталляциясы ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс күні туралы мағлұмат бере отырып,Отан Үшін жан қиған аталар мен апаларымыздың ерлігін жас ұрпаққа насихаттау.





Оқулықтар мен көмекші оқулықтардың уақытында қайтарылуын ұйымдастырып,сынып жетекшілерімен жұмыс жасап, барлық оқырмандарға ескерту жасадық.Оқулықтардың тазалығын тексеріп жыртылған кітапты түптеп және таза өткізуін талап етіп ескертіп шықтық. Әдеби оқулық оқыған оқушыларды да кітаптарын өткізуін талап еттік. Сонымен қатар қай сынып қай күні кітап өткізу керектігін ескертіп, кітап өткізу кестесін түзіп , мұғалімдер бөлмесіне іліп қойдық. Оқулықтарды жинап алу кестесі.

\\Кітап өткізу кестесі.

№	Сыныбы	Күнi. уақыты
1	1 сынып	26. 05.2022. сағ. 10-00де.

2	2сынып	26. 05. 2022. сағ. 11-00.де
3	3сынып	26. 05. 2022. сағ.12-00де.
4	4сынып	26.05. 2022 .сағ. 13-00де.
5	5сынып	27.05. 2022. Сағ.14-00де.
6	6сынып	27.05.2022.сағ.15-00де.
7	7сынып	28.05.2022.сағ.10-00де.
8	8сынып	28.05.2022. сағ.11-00.де.
9	9сынып	28.05.2022.сағ.12-00.де.
10	10сынып	30.05. 2022.сағ.10-00де.
11	11сынып	30.05.2022.сағ.11-00.де

Кітапхана меңгерушісі:
Кітапханашы:

Г.Тұрғынбаева
С. Аманбаева